



Сергей Витальевич Кулагин 1952 жылы 8 қыркүйекте Ақмола облысы Атбасар қаласында дүниеге келген.

Өзінің еңбек жолында қатардағы маманнан бастап ҚР Премьер-Министрінің орынбасары лауазымына дейінгі барлық сатыдан өтті.

1990-2014 жылдар аралығында Торғай облыстық халық депутаттары Кеңесінің бірінші орынбасары, Торғай облыстық әкімшілігінің басшысы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Ауыл шаруашылығы министрі, Ақмола және Қостанай облыстарының әкімі қызметтерін атқарды.

С.В. Кулагин басқарған уақытта Қостанай облысының өңірі экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларда қуатты даму серпініне ие болды. Қостанай облысының әкімі болған кезде өңірдің экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуына қомақты үлес қосты. 2004-2012 жылдар аралығында облыс аумағында бірқатар әлеуметтік-инфрақұрылымдық және басқа да объектілер ашылды: Қамысты ауданында жаңа мектеп пен Мәдениет үйі салынды, облыс орталығында облыстық орыс драма театры күрделі жөндеуден өтті, І.Омаров атындағы Қазақ драма театрының жаңа ғимараты салынды.

Ауыл шаруашылығы министрлігін басқарған және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары қызметін атқарған уақытында Сергей Витальевич Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен қалыптасуына үлес қосты.

Көп жылғы еңбек қызметі мен мемлекеттік қызмет тәжірибесі орнықты мемлекет құруға, Тәуелсіздіктің қалыптасуының жаңа жолдары мен шешімдерін іздеуге бағытталған болатын.

Мемлекет қайраткері бола жүріп Қазақстан Республикасының саяси қызметіне белсенді қатысты және мынадай мемлекеттік наградаларға ие: II дәрежелі «Барыс» (2004), «Дружба» (Ресей Федерациясы, 2004), III дәрежелі «Барыс» (1999); Медальдары: «За трудовое отличие» (1978), «За освоение целинных и залежных земель» (1984), «Астана» (1998), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Тыңға 50 жыл» (2004), Украина Үкіметінің медалі (2004), «За вклад в развитие космонавтики» (Ресей Федерациясы, 2004), «10 лет Астане» мерекелік медалі (06.2008); Төсбелгілері: «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігіне» (2002), «Почетный работник образования Республики Казахстан» (2002) төсбелгісі, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Қазақстан Республикасында мәдениет пен өнерді қолдау мемлекеттік қорының «Мәдениет қайраткері» Құрмет белгісі (2003).

Қостанай облыстық мәслихатының 2022 жылғы 17 тамыздағы №208 шешімімен Сергей Витальевич Кулагинге «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.